

*Қазақ жеріндегі ежелгі
мәдениеттер мен
өркениеттер, қазақ
мәдениеттің басталуы*

1. ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНДЕГІ ЕЖЕЛГІ ӨРКЕНИЕТТІ МӘДЕНИЕТ.

- ❑ 1.Ежелгіқалалар: Отырар, Тараз, “Ақтөбе”, (VII-XIIғ) қалалар мен қоныстардың түрлері, қаладағы халықтың құрамы,сәулет өнері және жайластырушылық.
- ❑ 2.Алматы өңіріндгі Есік обасындағы “Алтын адам” , сақтардың мәдениеті мен көркем өнері,оюдың стилі және мотиві,үй киімі.
- ❑ 3.Арабтар жаулап алу кезіндегі Қазақстан мен Жетісу: араб тілі мәдениетінің әсер етуі, Әл-Фараби, исыламның таралуы.



□ Лекция

2.Қазақстан жеріндегі өркениетті мәдениет

1. Отырар 8-ғасырдың басынан Тарбанд (Трабан) деген атаумен белгілі болды. Бұл атау "Күлтегін" және Білге қаған " құрметіне арналған көне түрік руна жазбаларында кездеседі. VIII ғасырдағы араб графигі Якут Тарбант, Тұрар, Тұрарбанд пен Отырар-бір қала деп жазған. Отырар IX ғасырдың өзінде –ақ ірі қала болған. X ғасырдың географиялық жазбаларында Кедер деген орталық қаласы бар Фараб аймағы аймағы аталды. Бас қаласы аймақ есімімен Фараб аталған. X ғасырдан Кедердің орнына астана де, аймақ та Фараб делінген. Кедер отырардың солтүстік немесе солтүстік батысында V-XV ғасырларда отырар арал бойндағы көшпелілер тайпалармен сауда жасайтын орталық, Иран мен Орта азиядан Сібірге, Моңғолияға және Қытайға қатынайтын сауда жолындағы маңызды қала болды. XVI ғасырдың 2-жартысынан қала қазақтардың биілігіне біржолата көшіп, XVIII ғасырдың басына дейін өмір сүрген.

Тараз. Қазақстанның оңтүстігінде қолөнершілер тұрақтары біздің заманымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықтың аяғында-ақ пайда бола бастады. Көне "Жібек жолында" қанат жайып өркендеген осындай қалалардың бірі-қазіргі Жамбылдың бастамасы-ежелгі Тараз (Талас) болып табылады.

Бұл жайындағы алғашқы тарихи жазба грек емшісі Зерамхтың хабарнамасында айтылады, ал 630 жылы Сюань Цзанның жазбасында Тараз (қытайша Далосе) ірі сауда қаласы ретінде сипатталады.

Махмұд Қашқаридың лұғатында Баласағұн тәрізді Тараздың тұрғындары соғды түрік тілінде сөйлеген делінеді. VII-VIII ғасырларда ол "Ұлы жібек жолында" орналасқан сауда және қолөнер орталығына айналған.

Тараздың ең өркендеп өскен кзеңі Қарақан әулиеті билік жүргізген X-XII ғасырлармен тұтас. Бұл кезде қайтадан салынып, теңге соққан ұстаханасымен, сауда-саттығымен, қолөнерімен әлемге әйгілі болған. Қала ішінде су құбірі жүргізіледі, моншалар салынады. Сәулет өнерінің тамаша туындылары бой түзейді. Бұлардың ішіндегі аса көрнектілері-ежелгі Тараз рабадына (қолөнершілер тұрағы) орналасқан Қарахан бейіті, қала сыртындағы Бабаша қатын, қазақ ұлттық сәулет өнерінің тамаша үлгісі болып табылатын Айша-бibi күмбездері.

Бұл дәуірде Тараз әуелде қытайлардың, одан кейін Хорезм шахы Мұхаммедтің, ал 1219 жылы Шыңғысхан шапқыншылығына тап болды да тонауға түседі, қиратылады. Бірақ ол мұнан кейін де өз сәулетімен байлығы арқасында саяхатшыларды таңдандырып, тағы да екі ғасыр өмір сүреді.

Қаланың құлдырауы XV ғасырдан, яғни ежелгі Қазақстанның қалалары арқылы өтпін "Көне Жібек жолы" ұлы географиялық жаңа жерлер ашылуына байланысты өз маңызын жойған кезеңнен басталады. Кезінде әлемге әйгілі үлкен қала орнында XV-XVII ғасырларда шағын ғана елді мекен қалған. Ол XVII ғасырдан бастап Әулие ата деп атала басталды.

- ❑ *Ақтөбе - ескі қала, биіктігі 300 метірдей төбе. Жамбыл облысы, Свердлов селосының солтүстігіне қарай 20 километр, Ақсу өзенінің сол жағында. Қаланың орталық қамалы мен ірі-ұсақты мекендердің ұзындығы 10-17 километрге дуалмен қоршаған. Қамалдың биіктігі 10 метірге жуық. Қала тұрмысы VII-XII ғасырларда едәуір көркейген, әскери бекініс ретінде XIII-XIV ғасырларға дейін өмір сүрген.*
- ❑ *Орта ғасырлық қалалар феодалдардың ордалары мен бекіністерінің жанында пайда болды да. Онда бай шонжарлардың үй-жайлары, қолөнер мен сауда құрлыстары салынды. Қалалардың сыртынан ор қазылып, дуалдармен қоршалды. Қаланың шахиристан дер аталатын орталық бөлігінде қала билеушілері, олардың жақын туыстары мен қызметшілері, дихандар, саудагерлер мен дін қызметшілері тұрады.*
- ❑ *Феодалдық қатынастардың дами түсуіне байланысты қаланың әлеуметтік құрылымы өзгереді. Қала шетіндегі қолөнер мен сауда орналасқан рабадтардың рөлі артты. Қолөнершілер ең алдымен қала шонжарларының қажетін өтеді. Олардың басы бос болғанымен, іс жөнінде жер мен құрлыстың иесі шонжарларға тәуелді болды.*
- ❑ *Жетісудің оңтүстік-батысындағы қалалар Қырғыз жотасынан аққан өзендер бойына салыныпты. Олар: Мерке, Аспара, Үзгент, Суяб, Сауран т.б. Осы қалалардың барлығы маңызды сауда жолының бойында немесе қолайлы жағдайға ие болған қуатты, берік қамалдардың жанына салынған.*
- ❑ *Жетісудың маңызды ерекше қаласының бірі-Құлан. Құлан қаласы VIII ғасырдан белгілі. X ғасырда Құлан берік қамалға айналды. Іле алқабының Орта Азия қалаларынан қашықтықта болуы, табиғат жағдайы егіншілік пен мал шаруашылығының дамуына қолайлы болуынан мұнда қалалы қоныстар салу IX-X ғасырларда ғана қолға алынды. Бұл қоныстарда егіншілікпен қатар, қолөнер мен сауда дамыды және олардың кейбіреулері біртіндеп қалаға айналды. Бұлар –Талхиз, Екіөз, Қойлық қалалары еді.*

- ❑ X-XII ғасырларда Қазақстанда және Орта Азияда қалалық қоныстар шапшаң өсті. Бірқата жаңа қалалар –Қарашоқ, Қорнақ, Қойлық, Екіоғыз, Ашнас,Баршынкент т.б пайда болды.
- ❑ Испиджаб X-XI ғасырларда сауда орталығы ретінде әйгілі болды. Сыртқа мата, қару-жарақ, мыс пен темір шығарылды.
- ❑ Сырдарияның орта ағысы тұсында Весидж қаласы бой көтерді.Қаланың жұрты жақсы сақталған, ол бесбұрышты төбешік түрінде болып келеді. Тұрғын үйлердің еденелерінде де кірпіштер төселген.
- ❑ Отырардың оңтүстігінде Шауғар қаласы болған.Шауғар осы күні Түркістан аумағының орыны. XI ғасырда Шауғар құлдырап, астанасы Исаға көшірілді, мұнда XII ғасырдың аяғында орналасқан Ахмет Иассауи кесенесі салынып, қала діни орталыққа айналды. Орта ғасырлық Иасы қаласы осы кездегі Түреістан қаласының орталығында орналасқан. Қалада мұнаралы қамалмен қоршалған қамал,шахирстан, рабад болған.
- ❑ XI-XII ғасырларда көлемді сәулетті ғимараттардың салынуы,осы кезде қала құрлысының өркендегенінің дәлелі болды.Ертеде салынған ғимараттардың біразы сақталып біздің заманымызға жетті. Солардың бірі –қазіргі Жамбыл қаласы жеріндегі Айша бибі кесенесі. Бұл тарихи ескерткіш ертеректе қатты бүлініп,батыс жақ қабырғасының бір бөлігі мен бұрыштары сақталған.
- ❑ Тараз жеріндегі ортағасырлық сәулет өнерінің бірі-Қарахан кеснесі. Заманында әсемдігімен көз тартқан бұл кесне XX ғасырдың басында қайта салынды
- ❑ Сырдарияның төменгі ағысындағы Сырлытам кесенесі де XI-XII ғасыр ескерткіші. Кесене өрнектермен, қаптамалармен әшекейленген. Жақсы сақталған порталдары бар, әсем күмбезді ғимарат болған. Кесененің қабырғалары мен күмбезі күйдірілген кірпіштен қаланған.
- ❑ Түркістандағы Талхатан баба кесенесі де ерекше бір сәулет ғимараты болып табылады. Осының бәрі X-XII ғасырларда Қазақстан жерінде қала мәдениетінің дамығанын дәлелдейді.

- 2. Есік обасындағы жерленген адам (“Алтын адам”) әрі жауынгер (бұған қару-жарақ, оның ішінде алтын садақ куә) әрі абыз (басына кигізген ерекше шошақ қалпағынан, қол астындағы айнадан белгілі), әрі малшы (қабір ішіне бақташының ұзын өрме қамшысы қойылған) болып есептеледі. Осы мен қатар ол жас бала болған деп болжайды.

Біздің заманымыздан бұрынғы VII ғасырдан бастап Сібір Қазақстан, Еділ бойы және Еуропаның оңтүстігіндегі ұшы-қирсыз далалары аймақар өңірінде аңдық стиль пайда болды. Оның басты тақырыбы аңдар мен аңыздардағы құбыжықтарды суреттеу еді. Бұндай бейнелермен қола қазандар, әр түрлі құрбандық заттары, қару-жарақтар, ат әбзелдер мен киімдер әшекейленді.

“Аңдық стиль” өнері оңтүстік дәстүрінің ықпалымен қалыптасты. Онымен сақтар Алдыңғы Азия мен Иранға жасаған жорықтарында танысты. Осы жерлерден сақтарға “өмір ағашы” дейтін арыстан бейнесі тарады. Бұл ұғым жергілікті жануар-жылқы, бұғы, қой, түйе, тау барысы, жолбарыс, бүркіт, сирегірек ақбөкен, қасқыр, қоян бейнелеріне ауысты. Аталған жануарларды тек сәндік үшін бейнелеген жоқ, сақтар бұларды өзіндік мән-мағынасына, мазмұн береді.

Сақтар табиғат күштері-күнге, желге, күннің күркүреуіне, найзағайға табынды. Бұларды құдайдың ісі деп таныды. Сақтардың түсінігі бойынша, құдай әр түрлі жануар бейнесінде өмір сүрген. Ол қанатты ат немес ит тәрізді, аттар сияқты фантастикалық аң, құс, жануар бейнесінде болды.

Қару-жарақтағы аң бейнесі шайқас кезінде жауынгерге рух беріп, оқ дарытпайды, жеңіске бастайды деп сенді.

Көркемдік шығарашылықтың бұл түрі дамудың шегіне жетіп, III-II ғасырдың өзінде-ақ шынайлық негізін жоғалтып, ою-өрнектік кескінге айналды.

Сақтардың космос жөніндегі символикалық түсінігіне Есіктен табылған сақ патшасының дулығасы нақты мысал бола алады.

3. IX-ғасырда араб ғалифатының саяси жағдайы нашарлай бастады. Бағындырған халықтар арабтарға қарсы тоқтаусыз күресін пайдаланған жергілікті феодалдық ақсүйектер өкімет билігін басып алды. Өкімет билігі жаңа әулет (династия) қолына көшті. Араб үстемдігі бұл кезде Оңтүстік Қазақстанның хашейрат құрамына кірген бір бөлігінде ғана жүрді. Араб басқыншылығының ауыр зардабын Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу алқабы қатты сезінді.

Арабтардың басқыншылық әрекеті Қазақстан тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өміріне, ондағы этикалық және тілдік процесстерге өзгеріс енгізді.

Қоғамдық өмірдегі маңызды өзгерістердің бірі жаңа мемлекеттік дін-ісілләмнің, араб тілінің және жазылуының таралуы болды. Ежелгі түрік жазыуы ығыстырылды, ал түрік лексикасына араб сөздері енді.

Қият, Отырар, Тараз, Шаш, Бұхар, Самархан және басқа қалалар араб мәдениетінің ірі орталықтарына айналды.


Қазақстан мен Орта Азияның ежелгі ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби (толық аты Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлағ Тархани) қазіргі Түркістан қаласына жақын Арыс пен Сырдария өзендерінің құйылысында орналасқан (бұрын үлкен қамал боп, қазір аумақты қорған ретінде сақталған) ежелгі Отырар (арабша Фараб) қаласында қыпшақ ұлысынан шыққан әскер басшы Тархан Мұхаммед Узлақтың отбасында дүниеге келген. Әбу Насыр талантты, оқуға жетік болып, әкесінің де ұстаз тәрбиешілерінің де назарына ілінген. Фараби грек, араб тілдерін үйреніп, сол тілдердегі ғылым табыстарын меңгеруге күш салады. Бұхар, Самархан, Шам, Мысыр, Александрия, т.б. шаһарларын, араб, парсы елдерін түгел аралайды. Оның трактатары білім мен ғылым туралы. Мысалы:

- ❑ "Ғалымдардың шығуы" трактаты.
- ❑ VII- ғасырдың басында Арабия түбегінде араб халқы қалыптасып исіләм діні негізінде Араб мемлекеті құрылды. Араб шонжарлары ішкі қайшылықтарды әлсіретіп, дін басылары билейтін мемлекетті нығайтуға мақсатында Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алу жолына түсті. 633 жылы арабтардың "Дін үшін соғыс" деген ұранмен басқа жерлерді басып алу жорықтары басталды. Олар аз уақыттың ішінде Иран, Сирия, Палестина, Египет пен Иракты басып алады. Орта Азияның оңтүстік облыстарына жақындады.
- ❑ 766 жылы Жетісуды билеп отырған қарлұқтар арабтарға қарсы күрсі күшейе түседі. Арабтар халық көтерілісін басу үшін Ферғанаға бірнеше рет жорықтар ұйымдастырады. Жетісу қарлұқтары өз тайпаларын қолдап, Ферғанаға көп әскер жіберді.
- ❑ Арабтарға және мұсылмандыққа қарсы халық көтерілісі Орта Азиядағы Мүканна қозғалысы болды. Осыған қарамай арабтар Қазақстанды басып алды. Ислам діні Қазақстанға тарады.

ТЕСТ

1. Арабтар халық үшін қайда жорықтар жасады?

- A. дұрыс жауабы емес
- B. *Ферғанаға*
- C. Сирияға
- D. Қытайға
- E. Иранға

The background of the slide is a light cream color, decorated with numerous blue butterflies of various sizes and orientations. Some butterflies are solid blue, while others are faint outlines. They are scattered across the entire page, with a higher concentration around the edges.

2.Сақтар қай елдерге жорыққа шықты?

- A. *Азия,Иран*
- B. Азия,Туркия
- C. дұрыс жауабы емес
- D. Қытайга,Византияға
- E. Иран, Византияға

3.Сақтар табиғаттыңқандай күштеріне табынған?

- A. дұрыс жауабы емес
- B. Кемпір қосақтың шығуына
- C. *желге,күннің күркіреуіне,найзағайға*
- D. Жауын-шашаынға
- E. Желдің соғуына

□ 4.Арабтар жаулап алу кезінде мәдениеттің дамуына қандай тіл әсер етті?

- A. *парсы*
- B. араб
- C. Қазақ
- D. орыс
- E. дұрыс жауабы емес

5.Қоғамдық өмірдемгі маңызды өзгерістердің бірі?

- A. Тілдік процестердін өзгеруі
- B. Дәстүрдің өзгеруі
- C. Діннің жазылуы
- D. *Әлеуметтік-экономикалық мәдени өмірдің өзгеруі*
- E. дұрыс жауабы емес

6.Махмұд Қашқаридыңлұғатында Баласұғын тәрізді Тараздың тұрғындары қайтілде сөйлеген?

- A. қазақ
- B. орыс
- C. *Түрік*
- D. дұрыс жауабы емес
- E. араб

7. 633 жылы арабтар қандай ұранмен басқа жерлерді басып алу жорықтарына шықты?

- A. дұрыс жауабы емес
- B. *Дін үшін*
- C. Мәдениет үшін
- D. Тіл үшін
- E. жер үшін

8. Араб мемлекеті қай ғасырда құрылды?

- A. IV
- B. *VII*
- C. X
- D. дұрыс жауабы емес
- E. V

9.Ислам діні қай елге тарады?

- A. орыстарға
- B. Қытайға
- C. Қазақтарға
- D. дұрыс жауабы емес
- E. *арабтарға*

10.Қазақстан жеріндегі бұрынғы қалалар

- A. Шымкент,Ақтау
- B. дұрыс жауабы емес
- C. *Отырар, Тараз, Ақтөбе*
- D. Атырау ,Жетісу
- E. Алматы, Қызылорда